

"Шиелі ауданы Талаптан ауылдық округінің жергілікті қоғамдастық жиналышының Регламентін бекіту туралы" Шиелі аудандық мәслихатының 2018 жылғы 31 мамырдағы № 24/14 шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Қызылорда облысы Шиелі аудандық мәслихатының 2023 жылғы 14 қарашадағы № 7/15 шешімі

Шиелі аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. "Шиелі ауданы Талаптан ауылдық округінің жергілікті қоғамдастық жиналышының Регламентін бекіту туралы" Шиелі аудандық мәслихатының 2018 жылғы 31 мамырдағы № 24/14 шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6329 болып тіркелген) келесі өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген шешіммен бекітілген Шиелі ауданы Талаптан ауылдық округінің жергілікті қоғамдастық жиналышының Регламентінде:

4-тармақта:

тоғызыншы абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының ветеринария саласындағы заңнамасында көзделген жағдайларда тиісті аумақта карантиндік режимді енгізе отырып, карантиндік аймақты белгілеу (кушін жою) туралы, карантинді және (немесе) шектеу іс-шараларын белгілеу (алып тастау) туралы шешімдер қабылдауды, сондай-ақ табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайды жариялауды, сондай-ақ "Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының Заңында көзделген мерзімдерде олар бойынша ұсынымдар беруді көздейтін атқарушы органдардың, сондай-ақ әкімдердің нормативтік құқықтық актілерінің жобаларын қоспағанда жергілікті қоғамдастықтың өзекті мәселелерін, азаматтардың құқықтарына, бостандықтары мен міндеттеріне қатысты нормативтік құқықтық актілердің жобаларын талқылау";

оныншы абзац алып тасталсын;

он бірінші абзац алып тасталсын.

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудандық мәслихат төрағасы

А.Жандарбеков